

Университет оқытушылары ҚР БҒМ-нің төсбелгілерімен марапатталды

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 90 жылдығына орай Жаратылыстану және география институтының «География, экология және туризм» кафедрасының қызметкерлері білім беру, ғылым және өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласындағы жетістіктері үшін ҚР БҒМ төсбелгілерімен марапатталды.

Профессор Күләш Каймулдинова «Білім беруісінің құрметті қызметкері», профессор Дария Джүсүпова және Бахадүрхан Абдіманапов «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен, доцент Салтанат Абілмажінова «Білім беруісінің құрметті қызметкері», доцент Гүлнарай Сабденалиева «Ы. Алтынсарин» атындағы медалімен марапатталады.



